

АО «КЕДЕНТРАНССЕРВИС» ПРОДОЛЖАЕТ РАЗВИТИЕ СЕРВИСОВ ПО ДОСТАВКЕ ГРУЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ И ОТКРЫВАЕТ НОВЫЕ ЭКСПОРТНЫЕ КОНТЕЙНЕРНЫЕ МАРШРУТЫ, ЧТО ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМЫ ПОСТАВОК И КОНТЕЙНЕРООБОРОТ В ЦЕЛОМ. К ПРИМЕРУ, МАРШРУТ НОВОГО НАПРАВЛЕНИЯ ПАВЛОДАР – ЮЖНЫЙ – ДОСТЫК – ЛАНЬЧЖОУ ПОЗВОЛИТ АГРАРИЯМ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ ЗНАЧИТЕЛЬНО СЭКОНОМИТЬ ВРЕМЯ ДОСТАВКИ И ЛОГИСТИЧЕСКИЕ РАСХОДЫ.



Арман СУЛТАНОВ,
генеральный директор АО «Кедентранссервис»



№24 (2739)
05/04/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



К БОЛЬШОЙ ВОДЕ ГОТОВЫ

В целях обеспечения бесперебойного и безопасного движения поездов, своевременной подготовки пути, искусственных сооружений по сети АО «НК «КТЖ» разработаны организационно-технические мероприятия.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Султан

По словам специалистов, мероприятия направлены прежде всего на обеспечение сохранности и устойчивой работы пути и искусственных сооружений.

Анализируя опыт прошлых лет по пропуску паводковых вод, компанией определен перечень из 673 опасных мест (трубы, мосты, земполотно) по всем регионам. По ним в период

прохождения паводковых вод установлен контроль, круглогодичные дежурства ответственных лиц, организованы дополнительные обходы и объезды.

На сегодняшний день завершены работы по очистке от снега отверстий мостов, труб, дренажных колодцев, произведено вскрытие нагорных и водоотводных канав, лотков и кюветов.

При этом по южному региону (НЖС-7 Алматы, НЖС-8 Жамбыл,

НЖС-9 Шымкент, НЖС-10 Кызылорда), по западному (НЖС-11 Ақтобе, НЖС-13 Атырау, НЖС-14 Мангистау), восточному (НЖС-6 Семей) и северному (НЖС-1 Кокшетау, НЖС-2 Костанай, НЖС-3 Павлодар, НЖС-4 Караганда) очистка сооружений выполнена на 100%.

Кроме того сформировано 45 противоразмывных поездов с буювыми камнем, рельсовыми пакетами, некондиционными железобетонными шпалами.

Также заключены договоры на проведение буровзрывных работ по дроблению льда и спуску снежных лавин (ПЧ-38 Серебрянка, ПЧ-37 Защита, ПЧ-21 Есиль, ПЧ-22 Аркалык, ПЧ-20 Атбасар, ПЧ-30 Екибастуз).

Совместно с исполнительными территориальными органами и управлениями по чрезвычайным ситуациям проведена работа по комиссионной проверке состояния водохранилищ, сельскохозяйственных плотин. По данным специалистов, по всем регионам всего 83 плотины



и водохранилища находятся выше железнодорожного полотна.

Вместе с тем по всем отделениям и дистанциям пути приведены в полную готовность транспортные средства: дрезины АГМ, ДГКУ, автомашины с запасом горюче-смазочных материалов.

Продолжение темы на 2-3 стр.
Фото из архива

ҚАРҒЫН СУДАН ҚҰТҚАРДЫ



Теміржолшылар Ақтөбе облысында су басып қалған тас жолдағы жүргізушілер мен жолаушыларға көмектесті.

Қардың күрт еруінен «Ақтөбе-Атырау» республикалық тас жолын су басып қалды. Сол себепті «Ақтөбе-Алға-Қандыағаш» аумағы бойынша автокөліктердің жүруіне шектеу қойылды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ тасқалда қалған 100-ге жуық адамды пойызбен алып шықты. Бұл жұмыс Ақтөбе жол және магистральдық желі бөлімшелері, жергілікті әкімдіктермен бірлесе атқарылды.

Ұлан ОРАЗ

АДАПТИРОВАНЫ ПОДВОЗМОЖНОСТИ



С начала 2024 года в составе всех поездов межобластного сообщения будут курсировать специализированные вагоны для людей с инвалидностью.

Об этом на расширенном тематическом заседании Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента сообщил вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Берик Камалиев.

По информации представителя МИИР, в рамках работы по созданию безбарьерной среды в сфере транспорта и ЖКХ, в соответствии с требованиями Национального стандарта для маломобильных лиц приведены 136 из 300 казахстанских железнодорожных вокзалов и станций.

Кроме того, на сегодняшний день, как известно, лицам всех групп инвалидности, в том числе детского возраста, на железнодорожном транспорте предоставлена льгота на проезд по социально значимым сообщениям – скидка 50%, а оформление билетов на специализированные места в поездах «Тұлпар-Гальго» – 70%.

Также он отметил, что министерством разработаны поправки в Закон РК «Об автомобильном транспорте», которые предусматривают требование о том, что все обновляемые автобусы на регулярных городских маршрутах должны быть приспособлены для маломобильных групп населения. В данный момент соответствующий законопроект находится на рассмотрении Мажилиса Парламента РК.

– На регулярных городских маршрутах по республике задействовано около 300 перевозчиков, имеющих в своих парках 10 770 автобусов. Из них для перевозки маломобильных групп населения приспособлены 4 515, или 30%. Кроме того, в регионах страны работают 119 служб инваксии с общим спецавтопарком, насчитывающим 375 автомобилей, – сообщил вице-министр.

Айлин БАУРЖАН

Семинар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ ҚАУІПСІЗДІК

Шу қаласында «КТЖ» ҰК – «Магистральдық желі дирекциясы», «Жолдарды диагностика орталығы» филиалдары және Жамбыл жол бөлімшесінің басшылары мен өңірлік қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары қатысқан семинар өтті. Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне арналған жиында өткелдердегі жол-көлік оқиғаларын азайту, сондай-ақ түйіспесіз жолды дамыту мүмкіндіктері талқыланды.



Ислам ТАЛФАТ,
Нұр-Султан

Бүгінде магистраль желісінде мыңнан астам теміржол өткелі бар, 459 өткел арнайы кезекшілер күзетімен қамтамасыз етілген, ал жартысынан астамына автоматты түрде іске қосылатын шлагбаумдар орнатылған.

Қазақстанда автокөліктер жылдан-жылға артып келеді, қазірдің өзінде 4,5 млн астам автокөлік құралдары бар, ал жекелеген өткелдерде автомобильдердің қарқынды қозғалысы тәулігіне 3,5 мың бірлікті құрайды екен. Өткен жылы өткелдерде 26 жол-көлік оқиғасы болып, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда екі есеге өскен. Қозғалыс қауіпсіздігі алға тартқан мәліметтерге сүйенсек, 2015-2022 жылдар аралығында өткелдерде 402 жол-көлік оқиғасы болып, соның салдарынан 143 адам қаза тапса, 460 жуық адам әртүрлі дәрежеде жарақат алған. Мамандар, көп жағдайда, көлік жүргізушілері өткел сигнализациясының тыйым салған белгісіне назар аудармай, жол ережесін жиі бұзатынын айтып отыр.

– Теміржол өткелдерінде апатты жағдайларды азайтудың сенімді және тымдй жолы ретінде, оларды жауып, автокөлік ағынын өтпеліге қайта

бағыттау ұсынылуда. Алайда, қазіргі қолданыстағы көлік инфрақұрылымы мұндай өтпелілерді толық көлемде қамтамасыз ете алмай отыр, себебі, оларды салуға жергілікті атқарушы органдар бюджетінен қомақты қаржы керек. Осыған байланысты компанияның теміржол өткелдерінде қозғалыс қауіпсіздігі түрлі алдын алу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу арқылы қамтамасыз етілуде. Алайда, жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан жағдай мәз емес. Мәселені теміржол, әкімдік және көлік жүргізушілері күш біріктіре отырып, шешуіміз керек, – дейді Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті директорының орынбасары Ниязбек Жаңабай.

Теміржол өткелдерінде қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін ҚТЖ компаниясы перспективалы техникалық шешімдер енгізіп отыр. Мәселен, өткелдерге резеңкелі техникалық төсемдер төселуде, бұл өз кезегінде автокөлік құралдарының өткелдер арқылы өту жылдамдығын шашаңдатады. Сондай-ақ, пойыздар келе жатқанда автокөліктің өтуіне кедергі болатын, автоматты бөгеу құрылғылары орнатылуда.

Семинарға қатысушылар түйіспесіз жолды қолдану жағдайындағы қозғалыс қауіпсіздігі мәселесін де талқылап салды. Бірауыздан түйіспесіз жолдар төсеу

полигонның кеңейтуі керек деген пікірді қолдады, өйткені, оның бунақ жолдармен салыстырғанда артықшылығы көп. Біріншіден, пойыздардың жүрісі жұмсақ болып келеді, екіншіден, түйіспесіз жолдардың ағымдық күтіміне кететін пайдалану шығындары қысқарады, ал бұл өз кезегінде электрлі рельс тізбектерінің бұзылуы мен қауіпті ақаулықтар бойынша рельс жұмысында болатын істен шығу қауіптерін едәуір қысқартады. Десек те, ерсілі-қарсылы тоқтаусыз жүріп жататын пойыздардың рельске әсері, температуралық күш-қуаты және табиғи факторлар, түйіспесіз жолдардың әрқашан жарамды күйде болуы үшін үнемі күтімде болуын қажет етеді. Бүгінде елімізде түйіспесіз жолдардың ұзындығы 15,3 мың шақырымды немесе жалпы теміржолдар ұзындығының 70% құрайды.

Семинарға қатысушылар заманауи өткел құралдарының жұмыс тәсілдерімен және түйіспесіз жолдарда түрлі рельс бекітпелерін орната отырып, жол жұмыстары өндірісінің технологиясымен танысу үшін Шу-Жамбыл телімі бойындағы Шу-Аспара аралығына барды. Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі өңірлік ревизорлар PENDROL, ЖБР, КБ, ФОС-СЛО, КПП-5 сынды рельс бекітпелерін орнатқан түйіспесіз жолдарға күтім жасау кезінде олардың жағымды және жағымсыз әсерлері туралы әңгімеледі.

Жолдарды диагностика орталығы МДК мобилді диагностикалық вагондар және КАПС-БП түйіспесіз жолдардың істен шығу алдындағы жай-күйін программалық қамтамасыз етуді қолдана отырып, жолдарды диагностикалау және автоматты бақылау ерекшеліктерін таныстырды. Ал Магистральдық желі дирекциясы мен Жол және құрылыстар департаментінің мамандары өз кезегінде МДК вагондары анықтаған 3,4 дәрежелі жол ауытқушылығын жоюды бақылау тәсілдерімен бөлісті.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЦИФРАНДЫРУ ДИРЕКЦИЯСЫМЕН БІРЛЕСІП РЕСУРС ҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. СОНЫҢ БІРІ – РЕЛЬС БУНАҚТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ МЕН БАҚЫЛАУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІНІҢ ЖОБАСЫ. БҮЛ ЖОБА БУНАҚТАРДЫ БӘСЕНДЕТУ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІККЕ КЕЛТІРУ БОЙЫНША УАҚЫТТЫ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА, СОНДАЙ-АҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САТЫСЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ЖҮРГІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАЗАҚСТАН 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ
ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІН

30 млн

ТОННАҒА ЖЕТКІЗУДІ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

БИҮЛІ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

1500

ЖҮК ВАГОНЫН САТЫП АЛМАҚ.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРІ БОЙЫНША

70 км

ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ.

ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРАДЫ



Биыл 28-30 наурызда Алматы қаласында теміржол әкімшіліктері басшыларының қатысуымен транскаспийлік халықаралық көлік бағдарын (ТХКБ) дамыту бойынша жұмыс тобының отырысы өтті.

Отырыс барысында бағдарға қарасты телімдердің өткізгіштік қабілетіне қатысты мәселелер, сонымен қатар осы жылы транскаспийлік халықаралық көлік бағдарымен ең маңызды тасымал көлемі бойынша өткізгіштікті қамтамасыз ету жайы қаралды.

Сонымен бірге отырысқа қатысушылар Қазақстан Республикасынан Еуропа елдері бағытында Орталық Азия елдеріне, Қытайға бағытталатын контейнерлерді тасымалдау үшін Ақтау-Говсан (Баку), Потти/Батуми (Грузия) – Констанца (Румыния) порттары арасында тұрақты түрде фидерлік кемелерді жүргізу мүмкіндігі де қарастырылды.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

№24 (2739) 05/04/2022

КӨКТЕМГІ ЕМТИХАН

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



БАЙҚАУ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде 4 сәуірден көктемгі комиссиялық байқау басталды. Арнайы құрылған комиссия бүкіл желі бойын аралап, жіті тексеру жүргізеді.

– Ең әуелі Сағыз-Мақат, Мақат-Құлсары телимдері бойынша басталып, Ганюшкино-Исатай, Исатай-Қызылжар телимдері, содан кейін Махамбет, Атырау, Ақжайық, Теңдік станциялары, локомотив деполары, т.б. қаралады. Сол жерлерде талқылау жұмыстары да қатар жүргізіледі, – дейді техникалық бөлім бастығы Болатбек Меңдешов.

Бөлімше бойынша биылғы жылдың алғашқы тоқсанында пойыз және маневрлік жұмыстарда өндірістік жарақат алу оқиғасы тіркелмеген. Пайдаланым көрсеткіштерін орындау нәтижелері де жоғары. Бұған дейін құрылымдық бөлімдердің өз ішінде көктемгі тексеруге дайындық деңгейі, пойыздық және маневрлік жұмыстардағы ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың жай-күйі, абастандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қаралған-ды. Ол тексерулерде анықталған кем-кетік және арнайы комиссиялық байқау қорытындысы бойынша жыны осы айдың соңына белгіленіп отыр.

Тасқынға – тосқын

ҚАУІП СЕЙІЛДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Еліміздің батыс аймағында күннің тез жылып кетуінен республикалық маңызы бар автожолдар тасыған су астында қалды. Еріген қар суы теміржолға да қауіп төндірді.

Сәуірдің алғашқы күндері Ақтөбе темір жолының ең қауіпті нүктесі Қандыағаш-Қарауылкелді учаскесінде теміржолды су басу қаупі орын алды. Теміржолшылар үш тәулік бойы ұйқы көрмей жұмыс істеп, су айдайтын насоспен су сору жұмыстарын жүргізді.

«Теміржол мен инженерлік нысандардың жай-күйі тұрақты режимде бақыланды. Егер қауіп-қатер анықталса, локомотив бригадалары осы учаскедегі пойыз диспетчерлері мен станция қызметшілерін, сондай-ақ келе жатқан және келесі пойыздардың жүргізушілерін дереу хабардар етеді», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Қауіптің беті қайтқан соң үш тәулік бойы орын алуы ықтимал су тасқынымен күресіп, теміржол бойын күзеткен Шұбарқұдық және Қандыағаш өрт сөндіру пойызының жұмысшыларын ақтөбелік әріптестері ауыстырды.

АХУАЛ АЛАНДАТАДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Сәуірдің 4-і күнгі мәліметтер бойынша Семей ЖТ бөлімшесінің аумағында теміржол төсемдерін су шаю фактілері тіркелген жоқ.

Қазіргі уақытта өңірдегі қар аса жылдам қарқынмен еріп жатыр. Әуеден бақылау жүргізген төтенше жағдайлар басқармасынан алынған мәліметтер бойынша облыстың қар басқан аумағы 73%-дан 66%-ға дейін азайған. Сонымен қатар, теміржол көпірі бар бірқатар шағын өзендердегі мұздың еруі байқалады. Әсіресе, Локоть-Семей және Шемонайха-Өскемен-1 станциялары аралығындағы өзендер мен су қоймаларындағы гидрологиялық ахуал біршама алаңдаттып тұр.

Дегенмен, теміржолшылар тәуліктік кезекшілік орнатқан. Желі бойына бақылау жүргізу локомотив бригадаларына да тапсырылған. Жол диспетчерлері де қарағалық танытуда. НЖС-6 басшысы Айдан Шәукеевичтің төрағалығымен құрылған арнайы штаб қарқынды жұмыс жүргізуде, әрбір станциядағы ауа температурасы мен желдің жылдамдығы, тіпті телимдер бойындағы өзен-көлдердегі су деңгейі де сағат сайын жаңарып тұр. Егер тосын жайт туындар болса, теміржолшылар басшылық келісімімен бірден стандартты емес жағдайда жұмыс істеуге даяр.

– Жалпы, ел шығысы бойынша су тасқынының алдын алуға 104 мың дана қап, 6,7 мың тонна инертті материал дайындалған. Техникалар мен мотопомпалар да сақдай сай. Сонымен қатар, теміржол көпірлері мен желі бойындағы құбырлар толықтай қар мен қоқыстан аршылған, – дейді бұл орайда Семей магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімінің басшысы Қайырғелді Ахметжанов.

Суретті түсірген автор

СҰРАНҒЫС ҚАШАН ДА ЖОҒАРЫ



ҚАЛА МАҢЫ ТАСЫМАЛЫ

Қазақстанда қала маңы тасымалы – халық арасында көліктің ең сұранысқа ие танымал түрі, солай болып қала да береді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңы тасымалы» филиалының директоры Сұлтан Табынбаев осы бағыттағы жұмыстар туралы баяндап берді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Кәсіпорын басшысының айтуынша, бүгінгі таңда аталған филиал 59 бағдарда жолаушылар тасымалын жүзеге асырады. Соның ішінде 7 бағдар бойынша тапсырыс беруші – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, бұл пойыздар облыстар арасында қатынайды. Мәселен, Нұр-Сұлтан станциясынан шығатын электр пойыздар құрамын филиал толық қамтамасыз етеді, атап айтқанда Павлодар, Көкшетау, Атбасар, Қарағанды қалаларына дейінгі барлық бағыт бойынша жолаушылар тасымалы қажеттілігін өтеп отыр.

– Жергілікті атқарушы органдар, яғни 6 облыс әкімдігінің тапсырысымен біз 21 әлеуметтік маңызды бағытта жолаушылар тасымалдаймыз. Бәрі де сол облыстар ішінде, сонымен қатар «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ тапсырысы бойынша теміржол көлігі қызметкерлерін тасымалдауға 36 бағдар ұйымдастырылған. Алайда, бір айта кетерлігі, бұл пойыздарға шапғай станция, бекеттердегі тұрғындар да билет алып, отыра алады. Бізде сонымен қатар мұнай-газ саласы қызметкерлерін таситын екі коммерциялық бағдар бар: «Атырау-Мақат-Құлсары» және «Атырау-Мақат-Мұқыр» пойыздары. Міне, осы жергілікті пойыздардың үздіксіз, қауіпсіз және жайлы қозғалысын қамтамасыз ету – біздің кәсіпорынның негізгі міндеті, – дейді Сұлтан Табынбаев.

Соңғы екі жылда ел экономикасы және бірқатар салалар, соның ішінде көлік саласы коронавирус пандемиясына байланысты сын-қатерге ұшырады. Егер 2019 жылы аталған филиал 3 460 486 жолаушы тасымалдаған болса, 2020 жылы ол іс жүзінде екі есе азайып, 1 799 149 жолаушыға түсті. 2021 жылы қайта жанданып, жолаушылар ағыны 2,2 млн адамнан асты. Биыл да артып келеді. Бір ғана Наурыз мейрамы кезінде филиал республика бойынша шамамен 58 мың жолаушыны тасымалдаған. Әрине, бұған ауа-райының қолайсыздығы, қарлы боранның кесірінен автожолдардың жабылып қалғаны да әсер етті. Мұндай жағдайлар қыс пен көктем айларында жиі болып тұрады. Сол себепті алдын ала шаралар қабылданып, электр пойыздарға



қосымша вагондар қосылған, ауа-райы нашарлаған сол күндері жолда қалған жолаушының көбін қала маңы тасымалы жеткізген.

– Жаз мезгілінде жолаушылар тасымалына әдеттегідей сұраныс артағыны сөзсіз. Еңбек демалысы басталар кезде, әсіресе, Бұрабай, Балқаш, Алакөл курорттық аймақтар бағытындағы бағдарларға сұраныс күрт өседі. Мәселен, ұлттық туризмді дамыту және жолаушылар сұранысын қанағаттандыру үшін тапсырыс беруші – Шығыс Қазақстан облысы әкімдігімен бірге құрамы бес вагоннан тұратын №457/458 Семей-Жалаңашкөл-Достық және №459/460 Өскемен-Жалаңашкөл пойыздары ұйымдастырылды. 2021 жылы осы екі пойыздың құрамындағы вагондар саны 10-нан 15-ке дейін көбейтілді. Биыл құрамдар схемасын тағы 3 вагонға көбейту жоспарланып отыр, – деп тарқатты сөзін мекеме басшысы.

Айтуынша, бүгінде елорда аумағында жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету үшін электр пойыздардың жұмыс паркінде 17 құрамда 123 вагон бар. Соның ішінде 15 құрамды филиал «Вагонсервис» АҚ-дан, ал 2 құрамды басқа жеке компаниядан жалға алады.

– Қала маңы тасымалын мотор вагонды жылжымалы құраммен қамтамасыз етуге «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ тарапынан ұлттық мән берілді. 2003-2016 жылдар аралығында ресейлік

«Демидов машина құрастыру зауыты» ААҚ-дан 13 құрам – 106 вагон және 2 вагоннан тұратын бір құрам, Песа (Польша) өндірген дизель-рельсті пойыздар алынды. Электр пойыз құрамдары үшінші класты, заманауи дизайнға, желдеткіш, кондиционер жүйелері, салон мен тамбурдың бейнебақылау бар вагондардан жасақталған, – дейді С.Табынбаев.

Адамдардың қимыл-қозғалысы шектеулі топтарына қолайлы болу үшін елорданы Қарағанды, Көкшетау және Атбасармен байланыстыратын 4 электр пойызында мүмкіндігі шектеулі жандарды түсіріп-мінгізуге арналған көтергіштер орнатылып, арбада отыратын мүгедектерге арналған орындар бөлінген, олар қауіпсіздік белдіктері, арбаны бекіту құрылғылары, жолсерікті шақыру тетіктерімен қамтылған. Ал көзі нашар көретін жолаушылар үшін Брайль қарпімен жазылған ақпараттық тақтайшалар орнатылған.

Филиал басшысы шешімін күткен мәселелерімен де бөлісті. Айтуынша, 2022 жылдың соңында 10 вагонның, келесі жылы 8 вагонның жарамдылық мерзімі бітеді. Осыған орай «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ және «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы тарапынан қазіргі таңда әлеуетті электр жылжымалы құрам өндірушілерді іздеу және оларды сатып алу жолдары қарастырылуда екен.

Суретті түсірген автор

САУРАНДА – КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ



ТОЛАСКЕЗ

Қызылорда бөлімшесі бойынша биыл 70,095 шақырым жол күрделі жөндеуден өтуі жоспарланған. Өткен аптада күрделі жөндеу жұмысы бөлімшенің оңтүстігіндегі Сауран-Бесарық-Талап станциялары аралығында басталды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Телимнің 3030-3057 км аралығында 26 шақырым жол жаңадан салынуы керек. Бірінші күні соның алғашқы 2375 метріне су жаңа отандық рельстер төселді.

Тиісті орындардан толаскезге рұқсат берілген бойда телимде жұмыс қызу басталды. УК-25/18 көтергіш-төсегіш кранымен рельс тізбектерін жинау жұмысы екі жақтан басталып, ауыр трактор мен бульдозерлер жол төсемін сүру, тегістеу, нығыздау жұмыстарын жасап жатты. Жол төсемінің технологиялық талаптарға сай болуын қадағалап жүрген мамандар өлшеу құралдарымен ары-бері арақашықтықты есептеп жатыр. Сүрілген жолдың орнын тегістеу жұмысына 2 автогрейдер мен 5 бульдозер жегілген. Жол төсемі қажетті деңгейге дейін тегістелген соң екінші УК-25/18 краны алдын ала әзірленген рельс тізбектерін төсеу жұмыстарына кірісті.

Жол салу жұмыстарымен аймаққа танымал "Integra Construction KZ" ЖШС Батыс дирекциясының бастығы Дәурен Сұлтамұратов күрделі жөндеу жұмыстарына берілген толаскезді тиімді пайдаланып жатқандарын, телимдерден кесте бойынша өткізілетін пойыздар қозғалысына кедергі болмағанын жеткізді.

– Біздің филиалдың биылғы жоспары бойынша Қызылорда бөлімшесі аумағында жүргізілетін 70 шақырым күрделі жөндеу басталды. Сауран-Бесарық-Талап аралығына салынатын 25,656 шақырымның алғашқы 2 км астамы төселді. Техника сақадай сай, жұмыс кесте бойынша жүріп жатыр. Бұл аралықтағы жұмыс аяқталған соң бөлімшенің өзге телимдеріне өтеміз. Қызылорда-Қараөзек, Байқожа-Бостан-



дық-Ақжар-Төретап станциялары аралықтарында күрделі жөндеуден бөлек, 12 бағыттағыш бұрма ауыстырылады. Бұл жұмыстарға Батыс дирекциясының Белкөл және Қазалы станцияларындағы өндірістік базалары жұмылдырылатын болады, – деді дирекция бастығы Дәурен Сұлтамұратов.

Жұмысты ұйымдастыру жауапкершілігі

филиалдың жол машинасы станциясының директоры Әмірхан Жолдасбайға жүктелген. Айтуынша, бүгінгі жұмысқа 45 жол жөндеуші, МҚД, ПҚ, ПҚ, ЭЛБ, ВПО ауыр жол техникалары, 5 бульдозер, автогрейдер, 5 автокөлік, олармен жұмыс істейтін 30-ға жуық механизатор, қиыршық тас таситын және рельс-шпалды торламаны таситын жылжымалы құрамдар жұмылдырылып, Қалибек Ізбанов, Еркін Аңсабай, Берік Бектібаев сынды тәжірибелі жол жөндеушілер мен Берік Оспанов, Еркін Жұбанзаров, Сұлтанхан Жүсіпбековтей ауыр жол техникалары машинистерінің сауатты да жауапты іс-әрекетінің нәтижесінде барлық жұмыс талапқа сай сапалы атқарылған.

Толаскез барысын Қызылорда жол дистанциясының мамандарынан құралған топ бақылап, қабылдап алды. Алдағы күндері тағы да 4-6 сағаттық толаскез беріліп, жұмыс әрі қарай жалғасатын болады.

Суретті түсірген автор

Паводок

ДЕЙСТВОВАТЬ НА ОПЕРЕЖЕНИЕ

Костанайские железнодорожники приступили к оценке рисков весеннего половодья. Они намерены действовать на опережение возможных сезонных угроз. На сегодняшний день работниками пути, специально созданными подразделениями, ведутся работы по пропуску талых вод с полей, также составлен перечень опасных мест, произведены промеры русла рек Иргиз, Аят и Тобол.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Жалгас Абдрахманов, в настоящее время работниками пути, специально созданными подразделениями, ведутся необходимые профилактические, подготовительные мероприятия, цель которых – пропустить талую воду с полей, не допустив подтопления путей. На мостах региона очищаются пропускные трубы, подмостья, эта работа продолжается и по всем узким местам, расположенным в низинах. На сегодняшний день уже полностью очищены от снега и открыты для пропуска воды трубы, расположенные под полотном в наиболее опасных местах.

– Бесперебойная работа железной дороги в любое время года и при любой природной стихии – главное в нашей деятельности, – говорит Жалгас Абдрахманов. – А потому к любому возможному природному катаклизму мы готовимся заранее и со всей серьезностью. Сейчас на наиболее уязвимых участках полным ходом ведутся



очистка и вскрытие водопропускных труб. Если вода со степи подойдет вплотную к железной дороге, ее пропустят по этим трубам, таким

необходимостью. Также взяли на контроль водохранилища, с помощью которых можно будет осуществлять спуск и пропуск воды, регулировать ее

четыре противоразмывных поезда (в их составе 29 вагонов – 4 крытых и 25 платформ), которые расположены в Аркалыкской, Кушмурунской, Тобольской и Костанайской дистанциях. На платформах и в крытых вагонах – песок для засыпки размывных мест, бутовый камень, рельсовые пакеты, некондиционные шпалы, т. е. все, что необходимо для экстренного ремонта путей, перекрытия воды в случае прорыва.

Все эти и другие меры, как подчеркнул Жалгас Абдрахманов, будут проводиться и в дальнейшем, вплоть до окончания сезона доборьбы.

Фото автора

«**СЕЙЧАС НА НАИБОЛЕЕ УЯЗВИМЫХ УЧАСТКАХ ПОЛНЫМ ХОДОМ ВЕДУТСЯ ОЧИСТКА И ВСКРЫТИЕ ВОДОПРОПУСКНЫХ ТРУБ. ЕСЛИ ВОДА СО СТЕПИ ПОДОЙДЕТ ВПЛОТНУЮ К ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ, ЕЕ ПРОПУСТЯТ ПО ЭТИМ ТРУБАМ, ТАКИМ ОБРАЗОМ НЕЙТРАЛИЗОВАВ ЕЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ПУТИ.**»

образом нейтрализовав ее воздействие на пути. Кроме этого, костанайские железнодорожники готовят мотопомпы для откачки воды там, где в этом может возникнуть

уровень. Также круглосуточно проводятся объезды, проверки, постоянный контроль с отслеживанием уровня таяния снега.

Вместе с тем сформированы

УГРОЗА ПОДТОПЛЕНИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ

После обильного снегопада в Карагандинском регионе возникла опасность весеннего половодья.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

На сегодняшний день в зоне подтопления находятся более 150 населенных пунктов. По данным синоптиков, пик резкого потепления ожидается с 5 по 11 апреля. Температура воздуха будет достигать до +5 ночью, а днем – до +10 градусов. Резкое повышение температуры может спровоцировать паводковую ситуацию.

В связи с этим с 11 марта в области запланировано проведение взрывных работ на реке Нура, в районе населенных пунктов Ботакара, Петровка, Жастилек,

Первое Мая, Есен, Жарлы, на Самарском гидроузле и озере Карасор. Также намечаются взрывные работы на реках в Нурунском и Осакаровском районах.

В настоящее время очищено около 85% водопропускных сооружений, 33,9 километра каналов, 162 километра арыков, нарезано 12 километров водоотводящих траншей.

ДЧС Карагандинской области, руководство Карагандинского отделения ГП и отделения магистральной сети призывают жителей области подготовиться к паводку.

Как отметил главный ревизор



департамента по безопасности движения по Карагандинскому региону Болатбек Альмураев, всего проведено 411 встреч с населением и 379 рейдов в 287 населенных пунктах с охватом 33 834 человек. Населению вручено 25 486 памяток.

Жители станций должны очистить от снега свои дворовые территории, организовать отвод воды, расчистить арыки. В случае необходимости будет применена высокопроходимая техника.

Фото автора

ТРАГЕДИИ ИЗБЕЖАТЬ НЕ УДАЛОСЬ



АКТУАЛЬНО

На станции Уральск в районе микрорайона Северо-Восток произошел наезд на человека с летальным исходом. В этой связи движение одного грузового и двух пассажирских поездов было задержано на час. Личность погибшего и обстоятельства его нахождения на путях в ночное время в неполюженном месте устанавливаются следствием.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Это первый с начала года случай на территории Западно-Казахстанской области. Как рассказала главный специалист отдела контроля на транспорте РГУ «ИТК по ЗКО» Асылбек Сагубаев, мужчина сидел на рельсах без движения и не реагировал на звуковые сигналы, подаваемые машинистом грузового контейнерного поезда. Несмотря на принимаемые локомотивной бригадой меры и экстренное торможение, трагедии избежать не удалось. По первоначальной версии – суицид. Личность погибшего устанавливается, ведется следствие.

– Тормозной путь грузового поезда при экстренном торможении составляет минимум 300-400 метров даже на малых скоростях, – пояснил главный специалист отдела контроля на транспорте ИТК Руслан Сакалов. – Машинисты знают самые сложные и опасные в плане неконтролируемого перехода железнодорожных путей участки города и снижают скорость до менее разрешенной. Однако увидеть в сумерках сидящего на



рельсах человека очень сложно.

А ведь уральские железнодорожники проводят совместные профилактические рейды по наиболее «посещаемым» местам регулярно. Перед праздником Наурыз линейным отделом полиции совместно с ВЖДО проведено ОПМ «Стоп! Осторожно, поезд!», после выходных был запланирован очередной совместный рейд в четной и нечетной горловинах станции Уральск, в районе Дёповского и Омеговского мостов. По злой иронии судьбы ночью накануне рейда и произошел наезд на человека.

В ходе рейда переходившим железнодорожные пути вручались памятки,

проводились профилактические беседы, почему нельзя наступать на рельсы и чем опасен переход путей в неполюженных местах, указывая на размещенные на колоннах предупреждающие аншлаги и плакаты. Только в районе Дёповского моста в течение получаса было вручено более 20 памяток, а в общей сложности в ходе рейда – 50 памяток на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности». К слову, многие нарушители оправдывались тем, что пешеходные дорожки на мостах обледенели, а на железнодорожных путях снег убирается вовремя и поэтому переходить здесь безопаснее. Конечно, это отговорки, но основание для них есть – на мостах действительно очень скользко.

Как отметили представители ИТК, в прошлом году по ЗКО было допущено 13 случаев наезда на людей, 6 из них летальных. При этом следствием установлено: вины локомотивных бригад нет. Согласно проведенному анализу, лишь двое из пострадавших были трезвы, остальные находились в состоянии алкогольного опьянения.

Фото автора

УСТРАНЯЮТ ПОСЛЕДСТВИЯ

Ольга УШАКОВА,
Оскемен



БЕЗОПАСНОСТЬ

На месте схода вагонов в Восточно-Казахстанской области работает восстановительный поезд. Об этом рассказали в Семейском отделении магистральной сети.

Причины и обстоятельства этого случая расследует комиссия из числа руководителей АО «НК «КТЖ».

3 апреля в 12 часов 4 минуты на участке Оскемен – Кумыстау произошел сход с рельсов 18 вагонов грузового поезда. Поезд двигался со скоростью 37 км/час. Два сошедших вагона, груженных рудой, являются собственностью РФ. Еще 16 вагонов принадлежит ТОО «КазцинкГемирТранс», они были загружены шлаком, сообщили в пресс-службе АО «НК «КТЖ».

По информации очевидцев, несколько вагонов упало в реку Иртыш, а часть железнодорожного пути проходит именно вдоль реки. Как рассказали местные железнодорожники, руководство решает, будут ли они подняты из воды на поверхность или нет. Жертв и пострадавших нет. Задержек пассажирских и грузовых поездов также нет.

К слову, поезд двигался на станцию Алтай. В департаменте экологии по ВКО объяснили, что их специалисты провели необходимые инструментальные замеры и пробы, поскольку грузовой поезд перевозил также обедненный шлак металлургического производства, который является техногенно-минеральным образованием. Также они выясняют их состав, насколько эта нештатная ситуация могла повлиять на экологию.

НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



СЕРВИС

Первый специальный поезд с товарами электронной коммерции из города Хоргос отправился в Казахстан, Кыргызстан и Россию.

1 апреля по завершении таможенных процедур из города Хоргос Синьцзян-Уйгурского автономного района (Северо-Западный Китай) отправился первый специальный грузовой поезд в рамках трансграничной электронной коммерции.

Этот поезд перевозит в общей сложности 41 контейнер. Состав доставит грузы, в том числе керамическую плитку, одежду и другие товары широкого потребления общим весом 1 025 тонн и стоимостью 5,6 миллиона долларов, в Казахстан, Кыргызстан, Россию и другие страны в течение 12 дней.

– В прошлом из Хоргоса за пределы страны вывозились товары электронной коммерции исключительно через автомобильные КПП. Теперь подобные товары стали транспортироваться поездами, что значительно снижает транспортные расходы. После подачи электронной декларации на цифровой сетевой системе таможенного оформления и досмотра в течение двух дней они будут доставлены в Казахстан, – отметил председатель правления корпорации Jinyi International Trade (Group) Co. Ltd Юй Чэнчжун.

АЛТАЕВ НУРЛАН ИСКАНДИРОВИЧ

3 апреля 2022 года на 75-м году жизни скоропостижно скончался Почетный железнодорожник, ветеран отрасли, бывший руководитель представительства АО «НК «Казахстан темір жолы» в Российской Федерации Нурлан Алтаев.

Нурлан Искандирович родился 26 сентября 1947 года в городе Алма-Ате. В 1969 году окончил тепловозное отделение Алма-Атинского техникума железнодорожного транспорта по специальности «техник-механик». Затем поступил на специальность «инженер-экономист» в Московский институт инженеров железнодорожного транспорта, который успешно окончил в 1974 году.

Трудовую деятельность на стальной магистрали начал в 1965 году помощником машиниста локомотивного депо Шубар-Кудук Западно-Казахстанской железной дороги СССР. В 1974 году устроился в Алма-Атинское отделение Казахской железной дороги, где в разные годы занимал должности финансового ревизора, старшего инженера и начальника планово-экономического отдела.

Нурлан Алтаев принимал непосредственное участие в реорганизации трех железных дорог Казахстана, создании в 1997 году РПТ «Казахстан темір жолы» и внедрении современных методов планирования и бюджетирования, реструктуризации железнодорожного транспорта страны.

С 1997 года – начальник Главного управления экономики и прогнозирования, заместитель начальника департамента экономики и финансов, заместитель руководителя аппарата – начальник управления внешней политики.

В 2007 году возглавил представительство АО «НК «Казахстан темір жолы» в Российской Федерации, в 2013-м переведен заместителем руководителя представительства КТЖ.

За высокий профессионализм, ответственность и преданность выбранному делу в 2001 году Нурлан Алтаев отмечен высшей отраслевой наградой – знаком «Почетный железнодорожник» и другими.

Руководство и коллектив АО «НК «Казахстан темір жолы» выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой – безвременной кончиной **Алтаева Нурлана Искандировича.**

«Қазпрофтранс» қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі Құрметті теміржолшы

Алтаев Нурлан Ескендірұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Центральный совет ветеранов-железнодорожников и Совет ветеранов центрального аппарата акционерного общества «Национальная компания «Казахстан темір жолы» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой – кончиной Почетного железнодорожника, бывшего заместителя руководителя представительства АО «НК «КТЖ» в РФ.

Алтаева Нурлана Искандировича

Руководство и коллективы АНЭК и КазАПО выражают искренние соболезнования родным и близким по поводу кончины Почетного железнодорожника Казахстана

Алтаева Нурлана Искандировича.

Уход из жизни истинного железнодорожника – большая потеря для всех нас. В эти тяжелые дни мы разделяем боль утраты и желаем крепости духа и стойкости. Светлая память о Нурлане Искандировиче навсегда останется в наших сердцах.

№24 (2739) 05/04/2022

БАСТАУДАН БОПАЙҒА ДЕЙІН...



Маңғыстаудың шалғайдағы шағын станциясы Бопайды басқарып отырған Мұратбай Оразов еңбек жолын көрші өзбек теміржолының Бастау станциясында бастаған екен. Содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті...

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

Ақтөбе қаласындағы теміржол техникумында оқыған ол диплом ала сала әскери борышын өтеуге аттанады. Екі жыл Мәскеуде қызмет етеді. Елге оралғасын мамандығы бойынша жұмыс іздеп, ол кезде Орта Азия теміржолына қарайтын Ташкент бөлімшесінің Бастау станциясына орналасып, табаны күректей бес жыл еңбек етеді.

– Горбачевтің қайта құруы басталып, халықтың көбі ертеңгі тағдырының не боларын білмей алаңдаған кез болатын. Елдегі жаппай жұмыссыздық, қысқарту мені де айналдыртып кетті. Жұмыссыз қалдым. Халықтың көбі ала дорба аркалап, базар жағалап кетті. Ондай күн маған да туды. Сауда жасауға ебім де жоқ екен, дегенмен жан бағу керек. Екі ел ортасында саудамен айналыстым. Харезмнен Ақтауға тауар тасыдым. Сөйтіп жүргенде үш-төрт жыл өте шықты. Маңғыстау теміржолына түйіндеме тастап қойған едім. Бір күндері жұмысқа шақырты. Саудамен айналысып еркін жүріп-тұрып, жағдайым жақсарып қалғанына қарамастан әу баста жаным қалаған мамандығымға қайта оралғым келді. Осылайша, 1999 жылы түбек теміржолы



лына келіп, Маңғыстаудан 30 шақырым жердегі №16 бекетке жұмысқа орналастым, – деп өткен жылдарын еске алған Мұратбай аға бір жарым жылдан соң Маңғыстау станциясына пойыз құрастырушы болып ауысады. Еңбек ете жүріп, қосымша білім алып, тәжірибесі де толығып, нағыз маман болып қалыптасады.

– Маңғыстау станциясында 2012 жылға дейін еңбек еттім. Түркіменстанға теміржол қатынасы орнап, жаңа жол ашылуына байланысты Бопай станциясына ауыстым. Осы станцияның іргетасы қаланғаннан бастап Болашақ станциясындағы

құрылыстарға да атсалыстық. Жаңа жұмыс орындарына жастарды тартып, үйретіп, жұмысқа баулыдық. Жезқазған-Бейнеу теміржолы ашылғанда сол біз тәрбиелеген мамандар енді өздері үйрететін деңгейге жеткенін көрсетті. Демек, еңбегіміз еш кетпеді деген сөз, – дейді кейіпкеріміз.

Мұратбай Оразовтың екі баласы теміржолшы. Ұлдарына мамандық таңдауда еркіндік бергенімен, теміржолды таңдағанына риза. Үлкені Талғат Оразов – ПЧ-10 мекемесінің Бопайдағы КТСМ механигі. Әрі түбекке аты шыққан әйгілі суретші. Оқырманның есінде болса, ол туралы біз де жазғанбыз. Екінші ұлы Парахат – Құрмаш станциясында кезекші.

– Бопай – төртінші класты шағын станция, небәрі оншақты үй бар. Тұрғындар ауызбіршілікте, тату өмір сүруде. Әлеуметтік нысанға шағын дүкен, монша мен дәрігерлік пункт бар. Өкінішке орай, монша мен дәрігерлік нысан бүгінде қаңырап бос тұр. Станцияда жалпы алпыс шақты адам жұмыс істейді. Оның бәрі, әрине, Бопайда тұрмайды, Өзен станциясынан қатынайды. Балаларымыз да мектепке сол жерге барып оқиды. Соған қарамастан осы алақандай ауылымызды жақсы көреміз, болашақта теміржолда жүк көбейіп, Бопайдың бағы жанатын күн туарына сенемін. Өйткені біз Түркіменстанға өтетін транзиттік теміржол бойында тұрған маңызды бекетпіз, – дейді Бопай станциясының бастығы.

Суретті түсірген автор

Представители профсоюзного актива Защитинского узла встретились со своими патронатными воспитанниками в Детской деревне. Дело в том, что во время пандемии с ребятами приходилось общаться в онлайн-режиме, но наконец-то друзья снова смогли увидеть друг друга офлайн!



В ГОСТИ К ДРУЗЬЯМ

Ольга УШАКОВА, Оскемен

«У нас многодетная семья – шесть детишек», – написали по поводу этой встречи активисты на своей странице kazproftrans.u_ka in Instagram.

В гости железнодорожники пришли не с пустыми руками – они принесли в подарок спортивный инвентарь. Ребята, в свою очередь, порадовали их концертной программой, поделились своими успехами, победами, достижениями.

Как рассказала представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс»

Айгуль Жайлаубаева, дружба между железнодорожниками и воспитанниками Детской деревни – социальными сиротами – продолжается уже 11 лет. Взрослые друзья перечисляют ежегодно однодневный заработок на счета патронатных детей, чтобы те в дальнейшем, после окончания учебного заведения, смогли купить себе жильё. По состоянию за прошлый год они собрали для шестерых детей более 21 миллиона 750 тысяч тенге. Кэстати, если денег не будет хватать, то их добавят акиматы за счет местных бюджетов. Помимо перечислений средств железнодорожники посто-

янно навещают своих подопечных, дарят им подарки к дням рождения, новогоднему празднику, Наурыз-у, помогают собраться в школу. Патронатные воспитанники не раз приезжали с экскурсиями на железнодорожные предприятия.

– За эти годы мы отпустили во взрослую жизнь двоих детей, с которыми до сих пор поддерживаем тесную связь, – говорит Айгуль Жайлаубаева. – Сейчас из шестерых наших воспитанников самый старший – Мовлади Голяков, которому в этом году исполнится 20 лет. Карине Груздовой – 19, ее брату Архату – 16 лет, Исламу Мамутову – 14, Тимуру Телеубаеву – 17.

Фото Айгуль ЖАЙЛАУБАЕВОЙ

МЫ ЗА ЗОЖ!



Павлодарские железнодорожники в ледовом дворце «Астана» организовали турнир по настольному теннису. В спортивном состязании приняли участие работники 12 организаций.

Жанара ЖУСУПОВА, Павлодар

Региональный филиал ОО «Казпрофтранс» активно пропагандирует здоровый образ жизни среди сотрудников стальной магистрали. К тому же среди павлодарских железнодорожников, в том числе ветеранов, много тех, кто занимается различными видами спорта в свободное от работы время. Например, приемосдатчица груза и багажа станции Павлодар Бота Икласова участвует во всех спортивных состязаниях, защищая честь своего предприятия. Кроме

того, она увлекается шахматами. Отлично себя показала и ведущий инженер-технолог отдела обеспечения погрузки и выгрузки Павлодарского филиала АО «Казтеміртрам» Нурия Оскембаева. Организатором спортивного мероприятия выступила и инструктор-организатор по спорту ФСК Павлодар Наталья Мартынова.

В турнире приняли участие работники 12 организаций. Это Павлодартранстелеком, дистанция пути, эксплу-

атационное локомотивное депо, эксплуатационное вагонное депо, база материально-технического снабжения и другие. В итоге первое место занял инженер по технической документации Павлодартранстелекома, второе – проводник пассажирских вагонов АО «Пассажиры» Оралбек Каменов. Тройку лидеров замкнул регулировщик скорости движения станции Павлодар Алмаз Апасаликов.

Фото автора



Мерейтой

ТОҚСАН ЖАСЫМЕННО ҚҰТТЫҚТАДЫ

Семей ЖТ бөлімшесі мен салалық кәсіподақ ұйымының басшылары ардагер теміржолшы Жазид Машрабты торқалы 90 жасымен құттықтады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей



Жазид Машрабұлы – ұзақ жылдар бойы теміржолдың білім беру саласында еңбек етіп, Ауыл мен Ақтоғай станциялары аралығындағы мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын ширатуға қатысты көп жұмыс атқарған жан. Сонымен қатар, теміржолшылар балаларын оқытуда тың әдістемелік-тәсілдер қолдану бойынша салалық білім ошақтарында түрлі іс-шаралар ұйымдастырған білікті ұстаз.

Жазид ақсақал – Семейдегі Алашорда ұйымының қызметі туралы сериялы кітап жазған өлкетанушы қария. Әкесі Түркіс құрылысының ардагері Машраб

Баядұлұлы кезінде Алашорда ұйымына мүше болған көрінеді.

Қарияны 90 жасымен құттықтаған кәсіподақ ұйымының басшылары ардагердің кеудесіне елордадан жеткен марапатты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін салтанатты түрде тақты. Өмірден көргені мен түйгені мол шежіре қартқа мықты денсаулық пен қажымақ қайрат тіледі. Қария барша теміржолшылар қауымына алғысын білдіріп, «менің жасымға жетіңдер» деп батасын берді.

Суретті түсірген автор

Көкейкесті

ӨТКЕЛ МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР ТҮР

Маңғыстау жол дистанциясының мамандарын былтырдан бері алаңдатып отырған бір мәселе бар. Ол – бірінші санатты теміржол өткеліне жанасатын автокөлік жолының жайы.



Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

Айтуларына, бірінші категориялы теміржол өткеліне 100 метр қашықтықта екінші деңгейлі автокөлік жолы болмауы тиіс. Министрліктің арнайы бұйрығында бұл туралы тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондықтан, Маңғыстау жол дистанциясына қарайтын күзетпелі өткелдердің біріне жақын орналасқан екінші деңгейлі автокөлік жолы алаңдатып қоймайды.

– Бұл жөнінде Маңғыстау ауданы әкімі Т.Кешмағанбетовке хат жаздық. Онда теміржол қауіпсіздігін сақтау мақсатында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі №495 бұйрығының 2-тарау 23-тармақшасына сәйкес, Шепте станциясына таяу 314-шақырымдағы «Қазына Маңғыстау» ЖШС-не тиесілі теміржол өткеліне жанасып қауіп тудырып тұрған қиыршықтасты автомобиль жолын жабуға ықпал етуді сұрадық. Жоғарыда келтірілген бұйрық

негізінде бірінші категориялы өткелге 100 метр қашықтықта жанама екінші деңгейлі жол болмауы қажет. Пойыз келіп жатқанда тым жақын жерде көліктер кептелісі қозғалысқа қауіп төндіреді. Оның үстіне телімен жолаушы да, жүк те пойыздары жиі өтеді, Талғо жүрдек пойызы да жүреді, – деген Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Кулманбаев әкімдікке жіберілген хаттан жауап келмегенін қынжылыспен жеткізді.


Айтуына, дәл осы жолды өткен 2021 жылдың 23 сәуірінде бірнеше құзырлы мекеме өкілдері бірлесіп жапқан. Арнайы акт түзіп, жолдың қызметін ресми түрде тоқтатқан. Бірақ, мүдделі тараптардың күш салуымен уақыт өте келе қайта ашылған. Бұл – республикалық деңгейдегі маңызды магистраль емес, сондықтан оны теміржол өткелінен қауіпсіздік қағидатына сәйкес талапқа сай қашықтықта өткізу қажет деп санайды теміржолшылар.

Суретті түсірген автор



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать сильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

В семье менеджера департамента координации и мониторинга закупок АО «НК «ҚТЖ» Жанар Хасеновой случилась беда. Ее 9-летней дочери Жанар поставили редкий диагноз – «эмбриональная саркома печени».



К сожалению, время идет против Жамили, и единственный выход сегодня – это срочное лечение в Турции. Однако средств на дорогостоящий курс лечения у семьи Хасеновых нет.

В такой ситуации девочке и ее родным остается надеяться на помощь неравнодушных людей. Мы призываем не оставаться в стороне и оказать сильную помощь коллеге в сложной жизненной ситуации, подарив Жанар надежду на жизнь.

Реквизиты:
Kaspi 5169 4971 3478 1081, или по номеру телефона 8-701-242-66-62 (ИИН 880328450791), Алия Мустафина (Шаркеева) (тетя);
Nalyk BANK 5354 5100 7202 6890, или по номеру телефона 8-701-242-66-62 (ИИН 880328450791);
Сбер BANK 4578 3200 1022 6450, Малика Хасенова (сестра).



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Әмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды кеңіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сзыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.